

¹Абдралиева Ж.Ж.,* Замишева Г.А.

²курс магистранты Тараз Иновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз, Қазақстан
аға оқытушы, филология магистрі М.Х.Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік университеті, Тараз, Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫНДА АУДИРОВАНИЕ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Автор корреспондент: abdralieva.83@mail.ru

Түйін: Бұл мақалада ағылшын тілін үйретудің кейбір әдістерін, атап айтқанда тыңдау әдісін - мәтіндерді тыңдауды және т.б. талқылайды. Автор сонымен қатар тыңдаудағы қиындықтарды және оларды жеңу жолдарын талқылайды және ағылшын тілінің болашақ мұғалімдеріне ұсыныстар береді. Тыңдау - сөйлеу қабілетінің бір мезгілде қабылдануы және сөйлеуді құлақ түрінде түсіну және тәуелсіз WFD (сөйлеу белсенділігінің түрі) ретінде өз мақсаттарына, мақсаттарына, тақырыптарына және нәтижелеріне ие сөйлеу әрекетін қабылдайтын түрі. Бұл толығымен автоматтандырылмайтын күрделі шеберлігі, бірақ фонемдерді, сөздерді және грамматикалық құрылымдарды тану деңгейінде ғана. Сырттай, бұл түсініксіз процесс, сондықтан шетел тілін оқыту әдістерін дамыту тарихында ұзақ уақыт тыңдау сөйлеу белсенділігінің тәуелсіз түрі ретінде қарастырылмады, бірақ екінші және қосымша ретінде қабылданды. Тыңдау - шет тілін үйренудің ажырамас бөлігі, себебі шет тілін білудің үлгілері оқушылардың есіне түседі, сондықтан тыңдаудан басқа сөйлеу белсенділігін үйрету мүмкін емес. Сыныпта оқу уақытының 30-60% дейін қабылданады, сондықтан мақсатты тыңдау нұсқаулары қажет. Тыңдаулар басқа WFD-лер үшін мақсатты және оқыту әдісі ретінде әрекет етуі мүмкін.

Кілттік сөздер: Компьютерлік және ақпараттық технологиялар, аудирование, тыңдалым, лингвистік мәтін, дауыс интонациясын, таспа, бейнематериал, интернет, логикалық ойлау.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен
байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі
жаңа білім беру өте қажет»
Н. Ә. Назарбаев

Ғылым мен техника дамыған және елдердің өзара бәсекелестігі күн сайын күшейе түскен ХХІ ғасырда Қазақстанның сыртқы саясатының жан - жақты тереңдеп, ағылшын тілін меңгеру аса қажет. Сонымен қоса, еліміздің дүние жүзіндегі дамыған 50 елдің қатарына ену страте гиялық бағытын іске асыру үшін, шетел тілін, әсіресе ағылшын тілін меңгерген білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудің маңызы зор. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында келесі міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру [1;63].

Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы-жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен қоса шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген.

Ұстаздардың сабақты жоспарлаудағы жауапкершілігі оқушылардың шетел тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология жәрдемінде үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологи яларды енгізу, оқытушылар мен оқушыларға дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жаңаларды да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс - конференциялар және тағы да басқалары. Шет тілін кәсіби бағдар ретінде оқып үйренуде жаңа педагогикалық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану бүгінгі күнгі білім жетілдірудің инновациялық түрі болып табылады. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барысында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты, онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар қазіргі заман талабы. Өзімнің мектептегі әдістемелік тақырыбым: «Ағылшын тілі сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру» [1;89].

Ағылшын тілі практикалық сабағында тыңдау әдісін қолдану аталмыш тілді тез меңгерудің бірден бір тиімді әдістерінің бірі. Бұл мақалада практикалық сабақ барысында ағылшын тілі пәнінің оқытушысына тыңдау әдісін дұрыс қолдану, оның пайдасы мен кері әсерлерін және де тыңдау әдісін қолданудың қызықты да қолайлы жолдарын қарастырмақпыз. Алдымен, кез келген шет тілін үйрену кезінде тыңдау әдісін қолдану - тіл үйренудің ажырамас бір бөлігі екеніне тоқталамыз. Одан кейінгі кезекте, оқытушының сабақта тыңдау әдісін қолдану барысында кезігетін бірқатар мәселелерді талқылаймыз.

Қорытындыда біз тыңдаудың тиімділігін, студент қызығушылығын қалай арттыру керек деген мәселелерге тоқталамыз. Аталмыш әдіс тіл үйрету кезеңдерінде табиғи тілдік органы қалыптастырады. Студенттерді оқытуда сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі - аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, студенттің бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін студенттің тілін дамытады [2;45].

Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені студент сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдайды, мәнін түсінуге тырысады. Тыңдау сөздерді жаттауға, грамматика мен синтаксисті үйренуге көмектеседі. Мәтінді бірнеше рет тыңдау студентке сөйлемді толық тыңдап грамматика мен сөйлем жүйесін автоматты түрде жаттап алуына мүмкіндік береді. Яғни, бұл жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаудың оңай жолы. Мәтінде көп мағыналы сөздерді қолдану. Кез келген тіл синонимдер мен онимдерге бай. Тыңдау және мәтін қайталау барысында студент жаңа сөздермен фразалардың қолданылуымен танысады. Яғни, студент сөздерді жеке-жеке жаттамайды, толық сөйлем жолдарымен жаттайды. Тыңдау әдісі тез есте сақталады және қайталап қолданылып отырады. Әдіс тілді машықтандырады, еркін сөйлеуге көмектеседі. Студенттерге алғашында тыңдап түсіну қиын болады, себебі сөйлемдер жылдам айтылатындықтан оны айыру, сөзді немесе сөйлемді бірден есте сақтау, мағынасын қабылдауы мүмкін емес. Тыңдап түсіну жүріп жатқанда студенттер мәтінді ұқыпты және зердесін қатты бөле отырып тыңдауы тиіс. Бар ойларын естіп жатқан мәтінді біртіндеп түсінуге және оның мағынасын дұрыс түсіне білуі керек. Ал оқытушы бұл тыңдалымның жеңіл және қызықты болуына көмектесуі тиіс. Студенттердің тыңдау қабілетін дамытқанда оқытушы үш түрлі жағдайды есепке алуы тиіс:

1) тыңдалымға берілетін лингвистік мәтін;

2) мәтіннің мазмұны;

3) мәтіннің тақырыпқа байланысты берілу талабы.

Тыңдап түсіну кезінде тез түсінуге үш түрлі қиындық кедергі келтіреді: фонетикалық; лексикалық және грамматикалық.

1) Фонетикалық қиындықтың пайда болуы ағылшын тілі мен қазақ тілінің дыбыстары әртүрлі болғандықтан сөзді дұрыс түсінбеу. Бұл жағдайда оқытушы студенттердің ағылшын тіліндегі дыбыстар мен интонацияларды тыңдап, айыра білу қабілеттерін дамыта беруі керек.

2) Лексикалық қиындықтың пайда болуы ол да фонетикаға тығыз байланысты болады; себебі студенттер сөздерді қате естуі мүмкін. Сол себептен тыңдауды оқытушы мәтінді бірнеше рет тыңдату керек.

3) Грамматикалық қиындық ол ағылшын тілінің аналитикалық құрылымында. Себебі ағылшын тілінде инфинитив және есімшелер кең ауқымда қолданады. Сонымен бірге омонимдер де көп кездеседі [2;63].

Тыңдап түсінуді табысты оқытып-үйрету үшін оның кейбір әсер етуші факторларын табу керек. Мәтінді тыңдағанда түсінудің негізгі механизміне есту қабілеті, ішінен қайталау, тез және ұзақ есте сақтау, түсіну, қабылдау ерекшелігі жатады. Көптеген зерттеушілердің-ойынша монологтік текстер диалогтік текстерге қарағанда жеңіл қабылданады. Тыңдап түсінудің бастапқы кезеңін үйреткенде монологтік текстерге ерекше көңіл бөлінеді.

Мәтінді тыңдағанда түсінудің негізгі механизміне есту қабілеті, ішінен қайталау, тез және ұзақ есте сақтау, түсіну, қабылдау ерекшелігі жатады. Зерттеушілердің ойынша мәтінді тыңдамай тұрып-ақ адамның түсіну және тыңдау органдары іске қосылады екен. Сондықтан тыңдаушының ой қабілеті сөздің басынан-ақ немесе бір сөзден кейін-ақ оның соңы немен аяқталатынын сезеді. Бірақ сезу бұл түсіну емес. Актуальді қабылдау деңгейіне байланысты адамның миындағы ойлау жүйесі іске қосылады. Ойлау жүйесі әртүрлі фразаларды және жеке фрагменттерді толықтай қабылдамай кейбір сәттерді жібере отырып, мағынасы бар белгілерді есте қалдырып, жаңадан еститіндеріне орын қалдырады [2;99].

Кейінгі кезде білім беру саласында ғаламтор ақпараттарындағы тыңдау әдісі оқу үрдісінде қолдану күнделікті әдетке айналуы тиіс. Мысалы: ағылшын тілін үйретуде. Себебі тыңдалған материалдар үйренушілердің ойын қозғап қана қоймай, оларға эмоциялық, сезімдік деңгейде әсер етіп, көрініс түрінде есінде қалады, басқа халық өкілінің сөйлеу мәнері, қимыл- қозғалыс ерекшеліктері, әдеп- дағдылары жайында түсінік берумен бірге тыңдағандарын еске сақтауға бейімдейді.

Бейнематериалды тексті тыңдапкөргеннен кейін берілген тапсырмалар тақырыпқа байланысты әртүрлі болып келеді:

Кесте толтыру;

Тыңдап, көрілген оқиғалардағы әрекеттердің болған ретін қалпына келтіру;

Кейіпкерлердің айтқанын жазып алу;

Жаңа тақырыпқа байланысты сөздердің айтылуын есте сақтап, қайталау;

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан 124

Мәтінді тыңдап болған соң, не туралы тыңдағанның мазмұндама немесе пікір жазу; Кей кезде тапсырманы орындау үшін тексті екі не үш рет тыңдауға тура келеді. Уақыт өте келе білімгерлер тексті қатты зейін қойып тыңдауға, байқампаз болуға үйренеді. Тапсырманы орындау үшін айтылып жатқан мәтіннің мағынасына 100 пайыз түсіну міндетті емес екенін ұғады. Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес [3;87].

Шетел тілін меңгеруде тыңдап түсіну қабілетін дамытудың алар орны ерекше. Ауызша сөзді түсіну адамның естіген сөздердің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады

Тыңдап түсінудің негізгі топтарына мыналар жатады:

А) тыңдап түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық

формаларын тани білу);

Ә) сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;

Б) дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу;

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Есту, тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Логикалық түсіну механизмі талдау процесінде күрделі болып саналады. Аударма сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдаудың қажеті жоқ. Сөзді толық түсіну бірден (толық) және толықтай бір рет айтқанда қабылданады. Қазіргі кезде шетел тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, ұнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері өте көп. Шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған ұнтаспалар, видео-фильмдер көптеп саналады [3;101].

Тыңдау қабілетін ұнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы видео жаттығулар мен аудио мәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор. Тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, видеофильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы студент үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Шетел тілін тыңдап түсінудің өзіме тән ұғындыруға тырысып, тілдік материалдарды көп беру қабылдауды қиындатады, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен тыңдаушы тез тыңдап түсініп, жауап дайындау үшін ойланып отырады. Мәтін тым ұзақ, бірсарынды болса, студент тез жалығып, қызығушылығын жоғалтуы мүмкін.

Тыңдау әдісі білімді игертіп қана қоймай, оны бақылауда, бекітуде, қайталауда, қорытындылауда кеңінен қолданады. Берілген әдіс ақпаратты көрнекілікте қабылдауға негізделген. Оқыту процесінде әдісті пайдалану, студентке толық оқытылатын құбылыстардың көрнекілік ролін көрсету, сұраныстарын қанағаттандыру [3;112].

Сөзді тыңдап-түсінудегі қиындықтар

Тыңдап-түсінуге үйрету барысында оқушылар көптеген қиындықтарға кездеседі. Тыңдап-түсінуге оқыретуді дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалім бұл қиындықтарды және оларды жеңу жолдарын жақсы білуге тиіс.

Тыңдап-түсіну дағдыларын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар негізінен екі топқа бөлінеді:

а) қай тілде болмасын тыңдап-түсінуге үйретуде кездесетін жалпыға бірдей ортақ қиындықтар;

ә) тек белгілі бір тілде тыңдап үйренуде кездесетін, арнайы қиындықтар. Ағылшын тілінде айтылған ауызша сөзді тыңдап-түсінуге үйрету үшін жалпыға бірдей, ортақ қиындықтарды және қазақ оқушылары ағылшын тілінде тыңдап үйрену барысында кездесетін қиындықтарды білу керек.

Төменде аталатын қиындықтар кез келген тілде тыңдап-түсінуге үйрену барысында кездеседі. Олар қазақ оқушылары ағылшын тілінде айтылған ауызша сөзді тыңдап-түсінуге үйренгенде де кездеседі. Бұл қиындықтар тобына мыналар жатады:

- Белгілі бір ойды, мазмұнды айтып жеткізу үшін өйлеушінің қолданған тіл материалымен оқушылар меңгерген тіл материалының арасындағы алшақтық. Тіл материалын таңдауда, оны қолдануда сөйлеуші оқушының меңгерген тіл материалын ескермейді. Ол өзі айтып жеткізгісі келген мазмұнды неғұрлым жан-жақты ашатын тіл материалын қолданады. Сондықтан сөйлеуші қолданған кейбір лексикалық және грамматикалық материал оқушыға таныс емес болуы мүмкін. Тыңдап отырған мәтінде кездескен таныс емес сөздер, оқылмаған грамматикалық құбылыстар оқушыға тыңдаған мәтінінің мазмұнын түсінуді қиындатады. Бұл қиындықты жеңудің жолы - оқушылардың пассивтік және потенциалдық сөздік қорын байыту. Бұл жолда мынаны естен шығармаған жөн [4;85].

- Мәтінде таныс емес сөздер шамадан тыс көпдеген жалған әсер жиі кездесіп отырады. Оған себеп — жеке айтылғанда тыңдаушы сөздерді оп-оңай танығанмен, дәл сол сөздерді тұтас сөз құрамында кездестіргенде, сол тыңдаушы тани алмай қалады.

Сондықтан таныс сөздердің өзі таныс емес сөз болып көрінеді де, оқушыға тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінуді қиындатады. Қиындықты жеңу үшін оқушылардың пассивтік-және потенциалдық сөздік қорын байытумен қатар мәтінде кездесетін таныс емес сөздердің мағынасын болжауға ұсақ текстерде өткен лексиканы тануға дағдыландыратын жаттығуларды орындау қажет, сондықтан Оқушыларды кейбір таныс емес сөздері бар мәтіннің мазмұнын түсінуге де дағдыландыру керек.

- Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы заңды құбылыс. Олай болса, ағылшын тілі мұғалімінің де өз ерекшеліктері мен интонациясы бар. Оқушылар мұғалімнің сөйлеу ерекшеліктеріне әбден дағдыланып алады да, басқа адам айтқан сөзді түсінбеуі мүмкін. Осыған байланысты шетел тілі мұғалімдері мен әдіскерлері мынадай сұрақ қояды: неге жеті жыл бойы шетел тілін оқыған оқушы мұғалімнің қойған сұрақтарын түсінеді де, дәл сол сұрақтарды шетелдік адам қойса, түсінбейді? Бұл жерде сөйлеушінің дауыс ерекшеліктері де түсінуге ықпал етеді. Мысалы, ер адамның жұмсақ қоңыр даусын түсіну жеңілірек те, әйел адамның дауысы, әсіресе жіңішке, ащы дауысты түсіну қиындық келтіреді. Бұл қиындықты жеңудің жолы - сабақта техникалық құралдарды, әсіресе магнитофонды жиі қолдану. Магнитофонға ер адамның да, әйел адамның да, баланың да сөзін жазып алып, оны оқушыларға тыңдату керек. Сонда әр түрлі тембрлі дауыстарды тыңдап, дағдыланған оқушы өз мұғалімінен басқа сөйлеушілердің де сөзін тыңдап-түсіне алады [4;96].

Әдетте мұғалім сабақта ағылшынша сөйлегенде, өте баяу ырғақпен сөйлейді. Мұндағы мақсат - мұғалімнің ағылшынша айтқанын барлық оқушылар түсінсін дегендік, баяу сөйлесе, оқушының түсінуіне жеңіл болады деп ойлағандық. Оқушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, одан тезірек сөйлегенде, түсінбей қалады. Оқушылар үшін мұндай жағдайда қалыпты ырғақпен айтылған сөз тым тез көрінеді де, ілесе алмай қалады. Соның салдарынан олар қалыпты ырғақпен айтылған сөзді түсіне алмайды [4;99].

Мұғалім сабақта ағылшынша сөйлегенде, тағы мынадай бір қателік жасайды. Айтқанымызды оқушылар түгел түсінсін деген мақсатпен ол ағылшынша бір айтқанын бірнеше рет қайталап айтады (әдетте 3-4 рет). Осыған әбден дағдыланып алған оқушылар мұғалім сөйлей бастағанда ауелде оның сөзіне, мүлдем құлақ аспайды. Айтқанын екінші, үшінші рет қайталауын күтіп отырады. Шынайы коммуникацияда сөйлеуші айтқанын қайталамайды, тек бір-ақ рет айтады. Қайталап тыңдауға дағдыланған оқушылар алғашқыда айтылған сөзді тыңдамай, оны естімей қалады да, түсінбейді. Мұндай жағдай оқушылардың тыңдап-түсінуіне үлкен қиындық келтіреді [4;100].

Сонымен қатар кері байланыс жұмысын ұйымдастыру. Тыңдау әдісін ұйымдастыруға қатаң талаптар қояды, олар нақтылығымен, мақсаттылығымен ерекшелінеді. Оқытушы оқытылатын мәселе төңірегінде студенттерді қызықтыра, кірістіре алуға біліктілігін, олардың іс- әрекетін бағыттай отырып, жалпы қорытындылар жасап, өзіндік жұмыс процесінде жеке дара көмек көрсету керек.

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білу қажет деп санаймын және өз сабақтарымда үнемі қолдануымыз қажет. Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер: - үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі; - оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Алибекова А.С. Ағылшын тілін оқыту методикасы. Алматы, Қазақстан Леонтьев А.А. Қазіргі кезеңдегі ағылшын тілін оқытудың кейбір жалпы мәселелері. Алматы, Қазақстан. 1992. 46-49 б.
2. Алимбекова А.А. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №3(45), 2010.
3. Алимбекова А.А. Мектепте ағылшын тілін үйретудің тиімді тәсілдері 2004.

4. Садықова А.К., Алденгожаева Э.С. Шетел тілінде тілдік тіректер негізінде монолог түрінде сөйлеуге үйрету// Мектептегі шет тілі. 2007. №6 31-33бб.

5. Ақшалова Н. Казахский Национальный университет имени ал-Фараби, Алматы, Казахстан Новый Экономический Университет имени Т.Рыскулова, Алматы, Казахстан.

Аннотация: В данной статье рассматриваются некоторые инновационные методы в преподавании английского языка, а именно метод аудирования - прослушивания текстов, и др. Также в статье автор рассматривает трудности при аудировании и пути их преодоления, дает рекомендации будущим учителям английского языка. Аудирование – является рецептивным видом речевой деятельности, который представляет собой одновременное восприятие и понимание речи на слух и как самостоятельный ВРД (вид речевой деятельности) имеет свои цели, задачи, предмет и результат. Это сложное умение, которое невозможно полностью автоматизировать, а только лишь частично – на уровне узнавания фонем, слов и грамматических конструкций. Внешне это невыраженный процесс, поэтому в течение длительного времени в истории развития методики преподавания иностранного языка, аудирование не рассматривали как самостоятельный вид речевой деятельности, а воспринимали его как второстепенный и дополнительный. Аудирование является неотъемлемой частью обучения иностранному языку, так как именно через слух в память учеников поступают образцы иноязычной речи, которые, являются эталонами, следовательно невозможно научить другим видам речевой деятельности, исключая аудирование. Аудирование занимает до 30 - 60 % учебного времени на уроке, следовательно, необходимость целенаправленного обучения аудированию очевидна. Аудирование может выступать как цель и как средство обучения другим ВРД.

Abstract: In the given article some innovative methods in teaching English are considered, namely, an auding method - listenings to the texts, and others. Also the author observes the difficulties in listening to the texts in English and ways of their overcoming, he gives recommendations to the teachers of English at schools. Listening is a receptive type of speech activity, which is a simultaneous perception and understanding of speech by ear and as an independent TSA (type of speech activity) has its goals, objectives, subject and result. This is a complex skill that cannot be fully automated, and only partially - at the level of recognizing phonemes, words and grammatical structures and it is perceived as secondary and additional. Listening is an integral part of learning a foreign language, because it is through hearing that the samples of foreign language speech that are benchmarks come to the memory of students, therefore it is impossible to teach other types of speech activity, except listening. Listening takes up to 30–60% of the class time in a class, therefore, the need for targeted listening instruction is obvious. Listening can act as a target and as a means of learning for other TSAs.